

Л 2005

134048

ИХТАР ЭҮЕЗОВ

Ихтар







Handwritten text, possibly bleed-through from the reverse side of the page. The text is mostly illegible due to fading and bleed-through. Some faint words like "The" and "and" are visible.

Vertical text on the right edge, likely bleed-through from the adjacent page. It appears to contain a list or index of items, possibly names or dates, but is mostly illegible.





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

«ӘУЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ


# Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

**ІЗ-том**

МАҚАЛАЛАР, ПЬЕСАЛАР  
1935–1938

АЛМАТЫ  
«ЖІБЕК ЖОЛЫ»  
2004



ББК 84 Қаз 7-44

Ә 82

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

**Әуезов М.**

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 13-т. – Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2004. – 378 бет.

ISBN 9965-637-30-X

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 13-томына 1935–1938 жылдар аралығында жазылған мақалалары, зерттеулері және пьесалары еніп отыр. Бұлардың қатарында “Елубай Өмірзақов”, “Тарғын” туралы”, “Ревизордың аудармасы”, “Джамбул и народные акыны”, “Джамбул и народная поэзия”, “Золотые ключи”, “Айман – Шолпан” (орысша), “Борьба”, “Ночные раскаты” сияқты зерттеулері мен драмалары қамтылған.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

**ББК 84 Қаз 7-44**

Редакциялық кеңес:

*Абдрахманов С., Әуезов М., Әкім Т. (жауапты хатшы), Бердібаев Р., Кекілбаев Ә., Қабдолов З., Қанапиянов Б., Қасқабасов С. (кеңес төрағасы), Қирабаев С., Қонаев Д., Құл-Мұхаммед М., Мағауин М., Майтанов Б. (кеңес төрағасының орынбасары), Мұртаза Ш., Нұрғалиев Р., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И.*

Редакциялық алқа:

*Елеукенов Ш., Есім Ф., Құндақбаев Б., Нарымбетов Ә., Сыздықов К., Ысмағұлов Ж., Ісімақова А.*

Жауапты шығарушы – *Майлыбай С.*


Қолжазбаларды салыстырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар:

*Ахетов М., Әбдіғұлов Р., Әкім Т., Болсынбаева А., Қайшыбаева Р., Қаныкейұлы Е., Қонаев Д., Қуанышбаев А., Майлыбай С., Майтанов Б., Рахымжанов К., Тойшанұлы А.*

Ә  $\frac{4702250201}{430 (05) - 04}$  хабарланбаған – 2004

ISBN 9965-637-30-X  
ISBN 5-628-02141-5

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2004





**Мақалалар,  
зерттеулер**





## ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ

*(Мәдениетшілер съезінің қарсаңында)*

Актер – театр дінгегінің ірісі. Өнер майданының өнерлі адамдарының ішінде кешендеп барып, кенжелеп туатын қызметкерлердің бірі – мәдениетті актер. Қиын туыспен туып, буыны бекігенде де созалаңдап барып бекиді. Сондықтан да театрға талай адам дәмеленіп келіп, тұрақтамай өтіп кетіп отырады. Жыл айнала санасақ та, айналдырған алты-жеті басты актерден арғыны әзірше біз “дәл мынау!” деп, айнымай тап басып айта алмаймыз. Көз тартатын, үміт қылдыратын, қуантатын жастар аз емес, бар. Бірақ мұның бәріне неше алуан көмек керек. Соның үлкені жұртшылық сыны, мәдени сын, жәрдемші сын болар еді. Ондай сын, әсіресе, біздің үлкен актерімізге де керек. Бірінші – оның өзін-өзі жете түсінуге жәрдем етсе, екіншіден, өзге актердің бұған қарап ойланып, ізденіп, түр тауып, өсуіне көмек берер еді.

Сол актерлеріміз осы күнге дейін сын көрмей, сүйеуші, жәрдемші сөзді естімей томаға тұйық келеді. Газеттерде болатын “Театр сыны” дегеннің көбі “театр ісі, актер, режиссер ісі” деген өзіне тапсырылған негізгі мәселені қозғамай, ылғи пьеса сынын, әдебиет сынын бойлап, көп арқаудың бір-ақ жібін өрлей, қаулай жортады. Сыңар жақты, жадағай сын болып кетеді. Пьесаны сынау – әдебиет сынының міндеті. Ал, пьесаны театрда қойылған күйін алған соң, әдебиет сыны емес, әсіресе театр сынының міндетін көбірек еске алуымыз керек. Осы жайды біз соңғы кезге дейін елемей келеміз. Театрдың әрбір жаңа ойынының артынан газетте мақала шығады. Соны, әсіресе, тесіле оқитын оқушы біздің актер. Бұлар жайында жазылған тексеру, зерттеулер жоқ. Олардың еңбегіне баяндама арналмайды. Не журнал мақаласының, болмаса кітап мазмұны олар жайынан боп отырған тәжірибе бізде тағы жоқ. Жалғыз дәме қылып, “өз еңбегіміздің жақсы-жаман

шыққаны туралы баға берер-ау” деп сенетін сол газет мақаласы. Бірақ, одан күткен үміті де ұдайы бос үміт болып шығады. “Пәленше жақсы ойнады” деп, актер еңбегін бірер ауыз сөзбен тұжыра салып, басқаға жылжып кетеміз. “Жақсы”, “жаман” деген сынсымақтың екеуі де осы сөзді айтушыға зор мағыналы, зәрлі және әсіресе жауапты байлау боп сезілсе екен. Құр тілдің ұшымен ғана айтылмасын, серпе тасталмасын. Не жауапсыз шүленсіген мырзалық, не дәлелсіз, орынсыз сараңдық түрінде болмасын. Алды тоғыз жыл жасаған театры, 12-13 жыл еңбек етіп келе жатқан актер енді тура өздері жайындағы сынды, дәл еңбек табыстарына арналған қисынды, орынды сөзді ести бастаса екен. “Жақсы” десең, оны толық дәлелдеп жәрдем етсең, “жаман” десең, оныңды тағы да таратып, жеткізе айтып, кішкене көңіл бөле түссең екен. Ал, біз осы жағына келгенде сөзге өте сараңбыз, кекештей күрмеліп, не мылқаудай қылғынып, “жақсы”, “жаман” деп бір-екі мұқың-мұқың етеміз де, ар жағына табыла алмай қаламыз, ойламаймыз, ойланбаймыз, үстіртпіз. Ең алдымен, біздегі сын мәдениетінің олқылығы, кемшілігі осында екенін нық түсініп: “актерге жәрдем, театрға жәрдем” деген нысанға қарай жіті жүріп, асыға қамшылансақ екен.

Осы ретте, біз ең болмаса бірнеше басты актеріміз жайында арнаулы зерттеулер, айрықша сындар жазылса екен дейміз. Соның алғашқы бір буынына Елубайды алып отырмыз.

Әрине, Елубай жайы газеттің аз көлемді мақаласымен түгенделмейді. Мұнда Елубайдың өсу, нығаю жолдарын толық қып, жеткізе айту мүмкін болмағандықтан, біз әзірше оның актерлік ерекшеліктерінің біразына ғана тоқтаймыз.

Елубайдың өз айтуынша, өзін-өзі актермін деп сезінуі Абыз ролінен басталған сияқты. Сол 1923-24 жылдарда басталған еңбек үздіксіз созыла келіп, бұ күнде 11-12 жылдық іздену, өсу, толып-пісу нәтижесіне айналып отыр. Біздің жағдайымызда бұл аз еңбек емес, көп еңбек. Ұзақтығы, тұрақтылығының өзімен де қадірлі еңбек. Бұл жылдар бойына Елубай ойнаған рольдерге қарасақ, ол бір арна, тар саламен ғана жүрмеген. Өзінше кең алапты қармап, түрлі көп сырлары, замандары, ішкі-тысқы қалыптары да басқа-басқа болған неше алуан, біріне-бірі қайшы, қарсы рольдерді жиі ауыстырып, қатар алып жүріп отырған. Елубай актерлігінің бір үлкен



ерекшелігі осы жерде. Шынында, Абыздан Әлішке дейін, немесе Дуанадан Романовқа дейін, Қожақтан Жантасқа дейін я Асылбекке дейін қаншалық ғасырлар, дәуірлер жатыр. Бұлар аралығындағы заман кереқарлығы бір төбе, олардың жастарындағы, қоғамдық, таптық психологияларындағы және орталарының жалпы тарихи, мәдени күйлеріне қарай құралған әдет-салттарындағы айырмыстар екінші түрлі қырлық боп тағы тұр. Елубай суреттеген осы сияқты кейіпкердің аралары қай жағынан алсақ та шалқар көл боп отырады. Соларды осыншалық кең көлемімен қапсыра құшақтауға жараған Елубай бірсыдырғының актері емес, диапазоны (кұлашы) үлкен, ой-қыры мол актер боп шығады. Жаңағы атаған рольдер не драмалық құбылыстың өзінде бас роль боп қалыптанған. Немесе сол аталған адамдардың пьесадағы орны үлкен болмаса да Елубай ойнағандықтан үлкен боп өсіп, қызықты, жанды роль боп танылып кетеді. Ол ғана емес, рольді өсіріп қана қоймай, сол бір рольдің ерекше көрікті боп шығуы арқылы кейбір пьесаның да белі көтеріліп, көпке шейін керекке жарай беретін, сахнада жүре беретін жағдайы тағы бар. Мысалы: “Малқамбай”<sup>1</sup>, “Зәуре”<sup>2</sup>. “Малқамбайда” Елубайдың серігі Серке мен Батика боп отыратыны сияқты, “Зәуреде” Елубайдың Қожағымен қатар Мәликенің Зәуресі<sup>3</sup> де жақсы. Бірақ, түптің түбіне келгенде, осы екі пьесаның екеуін де пьеса қып, әлі күнге театрдың анда-сандағы өткерме ойынының бірі қып, және көрушіге үнемі қызықты, әсерлі қып отырған Елубай ойындары. Міне, бұған қарағанда, кейде нашар пьесадағы болымсыз рольдің өзі де актерге жағып кетіп, өзіне арнап пішкен киімдей дәл қона кетсе, әрі актерге, әрі пьесаға үлкен абиыр бітіріп жіберетіні байқалады. Бірақ Елубай ісінің, жоғарыда санаған рольдерінің негізгі ерекшеліктері мұнда емес. Бірен-сараны болмаса, үлгі болатын үлкен рольдердің барлығы пьесаларының негізгі арқауы болған рольдер. Сондықтан, әрқайсысын ойнағанда Елубай сол кейіпкерлердің дәуірін, дәуіріне лайық мінез-қылықтарын, әдет-салтын беретіндей болу керек. Елубай сол дәуірді суреттей ала ма? Біріне-бірі ұқсамаған қоғамдық орталардың біріне-бірі қайшы, өрісі бар көрінерлік ерекшеліктерін өзінің актерлік құбылысы арқылы қайта туғандай жаңа боп шығу (перевоплощение) арқылы көзіне елестете ала ма? Негізгі міндет осы еді. Актердің таланты мен мәдениетін сынға салатын тосқауыл

кезендер осылар еді. Біздің білуімізше, Елубай осы шарттарға көбінесе тартымды, толық жауап бергендей боп отырады. Міне, Елубайды Елубай қылатын бір ерекшелік — осында. Шынында, сол аталған рольдердің ешқайсысын күр сыртпен, актерлік техникамен, механикалық машықпен ойнамаған Елубайдың көркемдігі — шыншылдығында. Өнебойымен сол рольге құлап түсіп, сүңгіп кетіп, тұтана, өртене жүріп, жалындай жана ойнайды. Шоқтай жарқыраған ашық-жаркындығы бар, көрушіге бар тынысы сезілетіндей боп бусанып тұрған шындығы бар ойын. Мұның сауаты — ішкі қуат. Станиславский айтатын ішкі сарай (нутро), одан ары барсақ зауық (вдохновение). Елубай көбінесе осы шыншылдық, ішкі сарай және зауықпен ойнайтын актер. Ойнайтын кейпінің көбін кей жерде бел ақылмен саралап, ғылыми жолмен зерттеп, әуелі миына қондырып ап, содан барып сылбыр жүріп, төкпектей шауып, ит жандылықпен барып алмайды. Жарық берумен, шарқ ұрумен, тұтаса-ұласа шыққан ішкі-тысқы екпін, серпінмен қаршығаша бір-ақ іледі. Ақын қиялының жыр образын ілгеніндей іледі. Бұл ерекшелігі Елубайдың жүре актер болуынан гөрі туа актер болуы басымырақ (самородок) екендігін дәлелдейтін сияқты.

Бұлай болса, әрине, басы ашық, дау-талассыз зор қасиет. Бірақ енді осы түрдегі өнердің ішінде де, Елубай үлгісінде де кемшілік жоқ емес. Самородок актерге оқу, білім, жүйе-жол қосылса мін болар ма еді? Бірге туған өнерге тәрбие-тәлім мен өнерлі үлгілер қосылса, сол өнердің қайнар көздерінің көбі, көмей аршығандай саулап ақпас па еді?

Жоғарыда айтылған көп түрлі рольдерді көңілдегідей жақсы ойнайтын Елубайдың әлде болса оң жақ, сол жағы бар. Кейбір рольдер оңқайына келіп, оң жамбасына міне кетсе, екінші біреулері сол жақпенен шалғандай бүрқ беріп, айыз қандыра қоймаған сияқтанады. Елубайдың оң жамбасы, көбінесе, ерекше мінезді (характерный) рольдерге бейім. Ол не қыса, бір сорақысы сойдиып шығып тұрған я күлкі, я алып қашпа, я бір не құныс, не маймақ біткен тұлғалар болады. Бұлар: Қожақ, Парыз, Дуана, Жарас және белгілі дәрежеде Романов сияқтылар. Ал, Асылбек, Сәрсен, Жантастар көңілдегідей жақсы, дәл аналардай жарқырай қоймайды. Қайта әстін-әстін біріне-бірінің аз да болса ұқсаңқырап қалатын кезі де болады. Бұлар жөнінде Елубаймен қатар драматург,

әсіресе, кінәлірек болуы да мүмкін. Өйткені жақсы тұлға, жаңа кейіпкерді біз әлі схемадан асырып, ерекшеліктерімен қоса жақсы тұлға бере алмай да жүрміз ғой.

Осыны біз еске алумен бірге, Елубай да жете қарап, ес-пелей тереңдетсе, олқысы түгелденіп, жоғы толар еді. Зауық актеріне, самородок актерге ілгері қарай даму үшін ізденгіштік, батылдық қосылса, ол үлкен айдаушы болар еді. Шынында, “Зәуредегі” Қожақ кекеш емес, пьесаның сол олқысын актер өзі-ақ сезіне салып, керегіне қарай бейімдеп, бұрып алмап па еді?

Әрине, бұл айтқандарға қарап, “жақсы тұлға Елубайға үнемі үйлесе бермейді” деген пікір жасау дұрыс болмайды. Дұрыс пікірінің барлығы да жалынды, жанды, өте әсерлі болатынын жұрт біледі. Сондайлардың ішінде аса үлкен роль болмаса да, Әліштер қандай сүйкімді?!

Елубай актерлігінің тағы бір ерекшелігі – жаңағы ішкі сарай орнына денесін, бет-пішінін жақсы үйлестіруінде. Бет пішінінің құбылыс байлығына келгенде, әрине, Елубайға тең келетін актер қазақта әлі жоқ. Осыған орай денесін билеуі де ерекше. Әсіресе, мойын, иіні, аяқтары бет құбылысына жаңағы зауықты ойындарына үлкен шешен әсерлі қосымша боп, одағы жақсы үйлесіп отырады. Ол жағына келгенде бірде-бір қозғалысы не есепсіз, не шикі, олақ, шала-шарпы күйде берілмейтін сияқты.

Осы жағынан қарағанда, бұрынғы Дуананың қалай айналғандығы көпшіліктің есінде жоқ шығар, бірақ қазір “Арқалықтағы” Дуанасы біздің актердің үлкен бір мастерлігін көрсеткендей болады. Бүгінгі Дуанаға қарап отырып: өзі кішкене ғана өткерме роль болса да, сол аз роль арқылы Елубайдың көп нәрсені баян етіп кеткенін сезгендей боласың. Анау хан мен би, бақсы, құшнаш дүниесі мен заманына Елубай төңкерісшіл актер тұрғысынан қарап отырып, соларды жермен-жексен қылған, өлтіре әжуалаған сияқты болады.

Осы жағынан қарасақ, “Арқалықтың” жаңа қойылуындағы мазмұнын бір Елубай жалғыз Дуанасымен ашып берген тәрізденеді. Қалайда Елубай суреттеген Дуана ендігі “Арқалықтың” ішіндегі үлкен тұрғысының бірі боп алды.

## БӨКЕҰЛЫ КӨПЖАСАР ЖОЛДАС

Менің Көпжасарды алғаш көргенім сол болатын. Көңілді, көрікті боп әзірленген құлып бөлмесінің біріне “Ақжалдың” барлық білікті жұмысшылары, барлық сектордың ылғый даңқты ударниктері жиылған екен. Үй біраз таршылық қылады. Бірақ, ылғый жақсы киініп келген жұмысшылардың жүздері көңілді, ауызда әзіл.

Бұлар бүгінгі кеште бұрын өз өндірістерінде көрмеген бір қонақтарды күтеді. Кеш, сол қонақтармен кездесу, әңгімелесуге арналған жолдастық кеш. Күткендері Ленин қаласынан келген Қазақстан қонақтары, жазушылар бригадiсi едi.

Сол жиынды жұмысшылар атынан бірінші әңгімені бастап, жандандырып, нәрлендіріп әкеткен Көпжасар болды. Оның атына біз Шығыс облысының газеттерінен де қанық ек. “Ақжал” кеніне келгенде бұл ат, шын толық, нық түрде Изотов атымен теңесті.

Алғаш сөйлей бастағанда ол баяу үнмен ұяңдау қысылыңқы бастады. Осы қалпымен қатар, қырылған сақалы, әлі ақ кірмеген шашы, ажым жеңбеген қайратты, берік жүзі де оны жас жұмыскердің бірі дегізгендей. Бірақ, басында қоңыр, момын үнмен басталып, ілгері басқан сайын үні де өрлеп, әңгімесінің мазмұны да талай он жылдардың тереңіне бойлап, мағыналы, мазмұнды баянды қалға айналып бара жатқанын сезіне түсінгенде Көпжасар кеңейіп, үлкейіп, ірілей берді. Оны тыңдай түскен сайын өмір жолын ұғынып, өзімен де толық ұғынысқың келеді.

Биыл 53-ке жетіп отырған жастың табан 30 жылы осы “Ақжалда” — алтын кенінің бас жұмысшысы бурувикшік күйінде өткен. Бұрынғы өмір кітабының бір-бір парасына көз салып өтсең, өзінің кестелі тілімен айтқанда “итке мініп, ирекпен қамшылаумен” өтті дейді. Ол арғысы. Балалық, жігіттік шағымның бас кезі құлақ қолында 12 жылдық майлайлықта кешкен дейді. “Ақжалға” 1904 жылы келген. Бұл



кен бай меншігі боп тұрған күнде талай “ыстығына күйіп, суығына тоңдым”. “Сөткенін аязды күндерін біздің арқа неге ұмытсын” дейді. Енді, міне Ақжалдағы еңбегінің 15 жылы социалдық құрылыстың іргесін көтеру еңбегі болды. Өзінде пролетарлық отанын да мәз ететін қомақты, маңызды, нәрлі 15 жыл. Осы еңбектің барлық кезіне салмақты қып қысқа қайыра айтатын бір мағлұметі “ешбір уақытта норма толтырмаған кезім болған емес” дейді. Ал, асыра орындағанның сан-сапасы жыл сайын, тоқсан сайын бір-бір төбе. Биылғы жылдың өзін ғана алсақ бірінші тоқсанда 150 пр., екіншіде 100 пр., үшіншісінде 170 пр. Бұған орай ұлы басшысы Сталиннің кадрді бағалау деген ұраны бойынша, Ақжалдың жұртшылығы оның ұзақ еңбегін, бейілін және бүгінгі қайраткерлік қажырын орнымен дән ырза қыла бағалай біліп отыр. Басында көптің бірі сияктанып, момын ғана түрмен сөз бастаған Көлжасар мұның сөздерін сілтідей тына тыңдаған жиынның алдында қабағы жайнай ашылып: “бүгінгі күнім қызықты, еңбегім жанған, қуанышты күнім, 53 жасың сондықтан бұйым емес”, — деп сөзін бітірді.

## ЛУЧШИЙ ДРУГ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЛИТЕРАТУР

Невыразимой скорбью полны сердца казахских писателей, всех деятелей культуры казахского народа. Ушел от нас гигант художественного слова, пламенный руководитель расцветавших литератур многонациональной нашей Родины.

Ни одна фигура писателя-художника не вырисовывается в течение долгой творческой жизни таким отточено ясным грозным оружием против мерзостей буржуазного мира, как величайшая фигура Алексея Максимовича. И чем яснее была эта сущность его жизни и деятельности для врагов трудящихся, тем ближе, роднее становился Горький для всех угнетенных наций земного шара, для всего трудового человечества.

Еще задолго до революции, в 1902 году, в связи с огромным успехом пьесы “На дне” монархический журнал “Русский вестник”, призывая буржуазное общество опомниться и не признавать Горького, писал: “Горький Максим ударами пера, как ударами лома, рушит и самую почву, на которой стоит это общество. Какой вредный писатель! Какие слепые поклонники, читатели, зрители”.

А.М.Горький был непримиримым врагом буржуазии и, невзирая ни на что, выкладывал перед ней горькую правду жизни, не скрывая никогда своей классовой ненависти и презрения к ней. В 1906 году в одной из статей, озаглавленной “Господам журналистам Франции”, он писал: “Господа, искренне говорю вам — честному писателю и социалисту глубоко оскорбительна любовь буржуа”. И не на основе частичных, единичных фактов, а на основе глубокого знания и одобрения всего смысла деятельности А.М.Горького, Ленин в 1909 году говорил: “Товарищ Горький слишком крепко связал себя своими великими художественными произведе-

ниями с рабочим движением России и всего мира, чтобы ответить им (буржуа — М.А.) не иначе, как презрением”<sup>1</sup>.

Даже полемизируя иногда с Горьким-публицистом, Ленин никогда не переставал высоко оценивать Горького-художника: “Нет сомнения, что Горький - громадный художественный талант, который принес и принесет много пользы всемирному пролетарскому движению”.<sup>2</sup>

Так, последовательно и стойко определившийся славный путь художника-борца, все расширяясь масштабно-исторически за все годы его деятельности, превратился в мощный поток с творчески наполненными берегами подлинно величайших произведений его гения. Художник орлиного горизонта, он дерзновенной песней о буреизвестнике внушил страх врагам революции. Враги видели в этой призывной песне восходящего класса грозное для них знамение времени. Подлинно горьким и горчайшим был он для буржуазии всех мастей всего мира. Это было на заре революционных лет. Но и тридцать лет спустя, накануне возвращения Алексея Максимовича в Советский Союз из Италии, капиталистический мир убедительно выразил свое отношение к Горькому воем влиятельной буржуазной газеты “Германия”: “Западная культура безнаказанно допускает, что Горький становится тараном большевизма против этой культуры”.

Возглавляя передовые шеренги атакующего класса, Алексей Максимович на съезде писателей убедительно и вдохновенно штурмовал последнюю твердыню буржуазии, оспаривая и отнимая у нее роль “стража цивилизации”, обогатителя культурных ценностей человечества, создателя лучших произведений искусства. Все подлинно мудрое и долговечно ценное он объявил произведениями гения народа, трудового человечества, а не паразитических классов.

Признанный своей родной страной трудящихся и вождем народов Сталиным как великий писатель, М.Горький на остервенелый вой врагов ответил удесятеренной энергией испытанного, старого бойца. Его инициатива в деле постановки и фактического разрешения многих культурных проблем стала буквально неисчерпаемой, его деятельность уди-

---

<sup>1</sup> В.И. Ленин. Полн. собр. соч., изд 5-е, т. 19. Стр. 153

<sup>2</sup> Там же, т. 31. С. 48-49

вительно разносторонней. Он основывает и возглавляет журналы “Наши достижения”, “За рубежом”, “Литературная учеба”, “СССР на стройке” и другие. По его инициативе выходят серии книг “История молодого человека XIX столетия”, “Библиотека поэта”, “Жизнь замечательных людей”. Ему обязаны своим возникновением такие замечательные издания, как “История фабрик и заводов”, “История гражданской войны”. Он же является одним из организаторов антивоенного конгресса и членом бюро международного антивоенного комитета. Немало сделано им по привлечению лучшей части европейской интеллигенции к борьбе с хищническими, захватническими стремлениями империалистов, к борьбе против фашизма в железных рядах народного фронта.

Но эти общеизвестные, ставшие достоянием истории факты из жизни и деятельности Алексея Максимовича далеко не исчерпывают, конечно, всего яркого жизненного пути великого русского писателя.

Огромна ведущая роль и влияние Горького на рост и формирование писателей и целых литературных эпох многих, ранее отсталых национальностей Советского Союза. В частности, важно подчеркнуть огромное его влияние на ход развития казахской советской литературы.

Это влияние сказывалось и сказывается весьма многосторонне. Примеров непосредственного влияния творчества М. Горького на растущую казахскую литературу и отдельных казахских писателей можно привести много. Взять хотя бы серию рассказов Мусрепова “Ана” (“Мать”), где Мусрепов художественно правдиво и убедительно обрисовывает муки и страдания женщины казахского аула, забитой и задавленной байской кабалой. Непосредственное влияние оказала одна из замечательных автобиографических повестей Алексея Максимовича “Мои университеты” на новое произведение С. Муканова “Мои школы”. Этот роман не только по названию, но и по содержанию своему будет иметь много общих моментов. Сам Муканов прошел, начиная с раннего детства, тяжелый жизненный путь батрака.

Большое творческое влияние оказал и оказывает М. Горький на прозу Б. Майлина. Б. Майлин своими новеллами, своей правдивой реалистической обрисовкой горьких истин людских отношений в дореволюционном ауле так близко напо-



минает ранние рассказы А.М.Горького. Писатель И.Джансугуров, который прекрасно перевел “Буревестника” на казахский язык, в своем новом романе “Джолдастар” старается воспроизвести на материале дореволюционного Казахстана глубокую правдивость метода Алексея Максимовича в показе темного быта “уездной России”, в показе жизни и тяжелых условий труда грузчиков, мастеровых и других выходцев из забитой нуждой деревни. В его романе (выходящем в ближайшее время в свет) можно обнаружить немало сходных образных линий с горьковским “Городком Окуровым”, немало общего в описании тягостного и темного быта прошлого.

В творчестве С.Сейфуллина, в его революционно-романтической поэзии, есть также немало мотивов, близких таким гениальным романтическим произведениям Горького, как “Буревестник” и “Песня о Соколе”.

Из своих личных ранних читательских впечатлений мне, как писателю, помимо остального, запомнилась колоссальная сила воздействия бесподобно мастерских пейзажей А.М. Горького. Не знаю ни одного иного писателя-классика западноевропейского или русской литературы, пейзажи которого были бы в какой-либо мере сравнимы для меня с горьковскими. Побережье ли это Черного моря, или картины юга России, или берега и пристани Волги — эти пейзажи превращали меня, читателя, в зрителя явственных живых картин природы. Они каждый раз становились пространственно, объемно ощутимыми настолько, что порою даже казалось, что чувствуешь их воздух. И всегда бывало приятно чувствовать величие художника даже в побочном, казалось бы, подсобном, второстепенном материале его произведений.

Из образно сюжетных построений Горького я помню в своей творческой практике огромное влияние повести “Челкаш” на обрисовку характера и социального окружения моего героя Бахтыгула из повести “Караш-Караш”.

Таковы отдельные факты огромного многостороннего влияния Горького на ход развития нашей казахской литературы. Но мы одновременно не должны забывать и о том, что сделано в этом направлении далеко еще недостаточно. Учась мастерству у величайшего художника, мы обязаны создавать

вещи, достойные оригинала, а не ограничиваться сходством статистически взятых моментов произведений.

Сознание необходимости именно такого освоения классика русской литературы должно нас вести прежде всего к глубокому, детальному изучению всего огромного литературного наследства Горького. По праву можно сказать, что его наследство принадлежит литературам всех народов земного шара. В нашу прямую обязанность входит также обеспечить хорошие переводы всех выходящих на казахском языке произведений гениального писателя.

Мы обязаны также не только изучать сами и переводить его произведения, но и широко знакомить наших читателей с его жизнью и деятельностью, изучить весь его славный путь борца и строителя новой жизни. В достойных переводах мы обязаны довести до широчайшего круга читателей казахского народа не только произведения Горького, но и все высказывания Ленина и Сталина об Алексее Максимовиче, чтобы подчеркнуть, как высоко ценила и ценит партия Ленина и Сталина и все трудящееся человечество своего великого, гениального писателя.

## ЗА БОЛЬШИЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОБОБЩЕНИЯ

Наша казахская литература еще весьма бедна обобщениями, которые были бы даны не публицистически, а языком искусства. Художественное обобщение очень далеко отстоит от незамысловатой фиксации виденного. Оно является синтезом, “куском жизни” исторических материалов и документов, вымысла и фантазии философски и художественно обоснованным.

Значительный образ есть выражение значительной обобщающей мысли. Вот почему я считаю, что новым социальным обобщением (в противовес многовековой истории прежде отсталых национальностей Союза) является для нас образ стахановца. Ведь его путь, в среднем 30-40-летней жизни, есть путь колоссальных сдвигов и изменений. Диапазон виденного и пережитого им, начиная от капиталистического гнета бая и феодала, беспощадной эксплуатации капиталиста и кончая дружеским пожатием сталинской руки в Кремле, где он присутствует, как Герой Социалистического Труда — есть небывало огромный диапазон для жизни одного поколения!

И сам советский писатель, прежде отсталой национальности, тоже прошел за короткий срок такой же длинный, изумительный путь. Часто выросший в полигамной семье, в условиях господства обычного права с платой пени (кун) за убитого, с умыканием невесты, с аменгерством (институтом левирата), как багажом детских или юношеских впечатлений, теперь этот писатель выступает на творческую арену, вооруженный учением Маркса — Ленина, обладающий запасом различных знаний. Этот писатель стоит на грани двух культур — старой народной (эпос, фольклор) и советской социалистической культуры, росту которой он содействует и через которую приобщается к мировой классике.

Однако культурный уровень нашей продукции еще недостаточно высок. Стахановец-казах выдвинулся на базе освоения им высокой техники, а писатель, долженствующий овладеть высоким мастерством позиции союзной арены, как наш стахановец. Мы еще не дали того, что могли бы дать.

Я объяснил бы это прежде всего тем, что мы работаем без должного внутреннего напряжения мыслей и чувств. “Муки творчества” еще мало изведаны нами. Мы часто успокаиваемся на первоначально достигнутой невысокой технике изготовления вещи. Все мы не лишены элементов формализма.

Отсюда развитие многих из нас идет не вглубь, вширь, за счет количества однотипных произведений, повторяющихся положений, с повторяющимся, не запоминающимся, не волнующими средними людьми — персонажами наших вещей. Поэтому даже самые интересные, самые лучшие люди нашего строительства, настоящие герои его — в жизни гораздо интереснее, ярче и красочнее, чем на страницах наших книг.

Техника писательского мастерства — одна из важнейших проблемных задач нашего роста. Мы должны решать ее, учась как у классиков, так и у передовых художников нашего Союза. Сейчас, на данном этапе, наибольшим неизжитым пороком является для нас натурализм. Это объясняется тем, что над нами довлеет низкий культурный уровень литературы прошлого. Ведь при всех недостатках современной нашей литературы она, несомненно, представляет собой наивысший в своем развитии этап.

Эпос и фольклор прошлого ценны для нашего сегодня не сами по себе, а как предпосылка к тому, чтобы на их основе, используя все ценное, что в них есть, мы создали творчески и художественно преодолевшую их новую литературу. А между тем, пользуясь эпосом и фольклором, мы зачастую берем оттуда и свойственные им отрицательные черты. Например, натурализм, присущий прошлым литературным произведениям, мы легко можем обнаружить в нашей сегодняшней литературе. Мы, например, часто наблюдаем странное уживание двух крайностей — формализм и натурализм — в одном и том же произведении. Натуралистическое незатейливое содержание и схематические образы лю-